



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

**«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ФУТБОЛ КЛУБТАРЫ» және «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ФУТБОЛ ФЕДЕРАЦИЯСЫ»
коллекциялық монеталары сатуға шығарылатыны туралы**

Астана қ.

2025 жыл, 8 сәуір

Қазақстан Ұлттық Банкі (бұдан әрі – ҚҰБ) **2025 жылғы 11 сәуірде** ҚҰБ-тың <https://kazcoins.nationalbank.kz> интернет-дүкені арқылы «Спорт» сериясынан **«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ФУТБОЛ КЛУБТАРЫ»** және **«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ФУТБОЛ ФЕДЕРАЦИЯСЫ»** коллекциялық монеталары сатыла бастайтынын хабарлайды.

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ФУТБОЛ КЛУБТАРЫ» монеталарының 13 түрі әрқайсысы 7 000 данадан шығарылған. Олардың ішінде 5 000 монета жеке блистерде, 2 000 монета сувенирлік блистер жиынтығында ұсынылады.

2 000 данамен шығарылған сувенирлік блистер жиынтығы «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ФУТБОЛ КЛУБТАРЫ» 13 түрлі монетадан және бір дана «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ФУТБОЛ ФЕДЕРАЦИЯСЫ» монетасынан тұрады.

Барлық монета мельхиор қоспасынан (МН 25) жасалған, салмағы – 15 грамм, диаметрі – 33 мм, дайындау сапасы – brilliant uncirculated, номиналы – 200 теңге.

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ФУТБОЛ КЛУБТАРЫ» монеталарының бейнесі



Аверс

**«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ФУТБОЛ ФЕДЕРАЦИЯСЫ»
монетасының бейнесі**



Коллекциялық монеталар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында өздерінің белгіленген құнына сай төлемдердің барлық түрі бойынша қабылдауға, сондай-ақ елдің барлық банкінде банктік шоттарға есепке алуға, аударуға, ұсақтауға және айырбастауға жатады.

Коллекциялық монеталар Қазақстан теңге сарайында дайындалды.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

+7 (7172) 77 52 10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz